

Шыңғысова Н.Т.

Филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nazgul.shyngyssova@gmail.com

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӨҢІРЛІК БАҚ МЕДИА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ФАКТОРЛАРЫ

«Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасының тұжырымдамасы – ата-бабаларымыздың құндылықтарын сақтай отырып ғылым мен техниканың, әлемдік мәдениеттің қазынасына қол жеткізу идеясын жүзеге асырудағы БАҚ-тың рөлі ерекше.

Мақалада Қазақстанның рухани жаңғыру үрдісін БАҚ арқылы бұқаралық аудиторияға кеңінен түсіндіру, жариялау, талқылау қажеттілігі сөз болады. Сапалы әрі объективті ақпарат таратуда, жаңартылған идеология негізінде қоғамдық пікірді қалыптастыруда өңір журналистерінің күшін жұмылдыру әрі қоғамдық сананы жаңғыртудың прогрессивті және сындарлы идеяларын алға жылжытуды қолдау мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: Өңірлік БАҚ, «Рухани жаңғыру», мемлекеттік бағдарламалар, ақпараттық қолдау, «Мәңгілік ел», руханилық, «Туған жер».

Shyngyssova N.T.

Doctor of Philological Science, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: nazgul.shyngyssova@gmail.com

Factors of media competence of regional mass media in the implementation of the national program «Ruhany zhangyru»

The concept of the national program «Ruhany zhangyru» consists in access to world reserves of science and technology, access to the treasures of world culture, preserving the values of ancestors. A special role in the implementation of this idea belongs to the media, including regional ones. In the article publications about the process through idea of spiritual modernization in mass-media: give the public a broad discussion, explanation. Mobilize the efforts of our journalists in the field of high-quality and impartial information dissemination on the basis of renewed ideology and the promotion of progressive, constructive ideas for the modernization of public consciousness.

Key words: Regional mass media, «Ruhany zhangyru», state programs, information support, «Mangylyk El», spirituality, «Туған жер».

Шыңғысова Н.Т.

Доктор филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nazgul.shyngyssova@gmail.com

Факторы медиакомпетентности региональных СМИ в вопросах реализации национальной программы «Рухани жаңғыру»

Концепция национальной программы «Рухани жаңғыру» основывается на культурно-историческом наследии Казахстана, ценностях предков; обеспечении доступа к мировым запасам науки и техники, приобщении к сокровищницам мировой культуры. Особая роль в реализации данной идеи принадлежит СМИ, в том числе региональным. В статье говорится о продвижении идеи «Рухани жаңғыру» средствами массовой информации: обсуждение, разъяснение, публикации. Подчеркнута необходимость качественного и объективного информирования общественности об идеологии и продвижении прогрессивных, конструктивных идей модернизации общественного сознания.

Ключевые слова: региональные СМИ, «Рухани жаңғыру», государственные программы, информационная поддержка, «Мәңгілік ел», духовность, «Туған жер».

Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының сауатты құрастырылған ұлттық бірегейлік саясаты саласындағы дамуын жүйелік талдау және стратегиясын жасау, латын әліпбиіне көшудегі міндеттері мен функцияларын кеңейту, аймақтарда «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуының жалпы ұстанымдарын құру мәселелері аса маңызды.

Күн сайын аймақтағы жергілікті оқиғалармен бетпе-бет келетін, тұрақты аудиториясы қалыптасқан өңірлік БАҚ рөлі күннен-күнге артып келеді. Аймақтық журналистердің кәсіби шеберлігі арқылы халық барлық өзгерістердің маңыздылығын түсінеді. Осы мақсатқа сәйкес келесідей **міндеттер** қойылады:

- өңірлік БАҚ-тың миссиясын белгілеу және оның отандық ақпараттық нарықтағы (өңірлік/жергілікті және аймақаралық деңгейде) мүмкіндіктерін жүйелі, жан-жақты зерттеу, сондай-ақ, жаһандық ақпараттық кеңістікке (ұлттық және халықаралық деңгейде) кірігу мүмкіндіктерін анықтау;

- өңірлік БАҚ жүйесі даму үдерістерін сипаттайтын негізгі түсініктердің мазмұнын және Қазақстанның заманауи ақпараттық-коммуникациялық кеңістігінде орындалатын өзгерістердің динамикасын және құрылымын егжей-тегжейлі сипаттау;

- өңірлік және жалпы республикалық деңгейде «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасының ақпараттық насихатымен алға жылжу мүмкіндіктерін бағалау және көрсету;

- өңірлік журналистиканың даму саласындағы негізгі әлемдік үрдістерді анықтау, жиналған материалдар негізінде ҚР өңірлік БАҚ дамуының мүмкін және басым бағыттарын бағалау;

- журналистік шеберлікті зерттеу, жаһандық әлемдегі ұлттық-мәдени көп түрлілік жағдайында қазақстандық бірегейлік ретінде ұлттық бағдарламаны насихаттау;

- «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасын насихаттау, жүзеге асыру аясында қоғамдық пікір қалыптастырудың тиімділігі және инновациялық-интеллектуалдық әлеуетті арттыру мақсатында өңірлік БАҚ аудиториясын зерттеу;

- «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасын жүзеге асырып, алға жылжытуда өңірлік және орталық БАҚ-тың бірлескен жұмысының мүмкіндіктерін бағалау және жан-жақты зерттеу.

«Қазақстан-2050» стратегиясы [1] – Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерді бастан кешірген әлеуметтік-бағдарлы мемлекеттің қалыптасу жолы бойынша жүрген

кең ауқымды бағытының түпнұсқалы қорытындысы. Зерттеушілер А.И. Агеев, А.Б. Байшуақов, Б.В. Куроедова атап көрсеткендей, Қазақстанның өзіндік стратегиялық даму матрицасы қалыптасты [2].

2014 жылдың қыркүйек айында Н.Ә. Назарбаев 2015 – 2020 жылдарға арналған отбасылық қатынастарды, моральды-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға арналған іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарын әзірлеуді тапсырды. Бұл құжат сондай-ақ, біздің мемлекетімізде өткен жүз жылдықта басталған әлеуметтік құрылыс саласындағы мемлекеттік саясаттың іргетасының бір бөлігі ретінде болуы мүмкін.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жасау және оны жүзеге асыру кезеңін еске алсақ, оның басты мақсаты – өткен ғасыр ойшылдарының, қазақтардың ата-бабаларының, орталық Еуразияның кең-байтақ даласын мекендеген адамдар мен тайпалардың жазбаша еңбектерін, баға жетпес артефактілер, экспонаттарды жинақтау және жүйелеу болатын. Мәдени мұраны көтеру және түрлендіру қазақстандық қоғамның патриоттық сезімін асқақтатып, этно-мәдени саладағы мемлекеттік саясатты жаңа мазмұнмен қанықтырды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы құндылықтарды басқарудың ауқымды үдерісін көрсетеді. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы құндылықтарды дамытумен байланысты болғандықтан, идеяның өзегі десе де болады. Оның басты міндеті – қазақстандық мәдениетті өз көзімен көріп, бағалап, әлемге жетістік ретінде көрсету [3].

Зерттеуші М.С. Қараманова «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасын жүзеге асыру қазақстандықтардың қазіргі ұрпақтарына Ұлы қазақ даласын мекендеген халықтардың мәдени игілігін сақтауға мүмкіндік береді деген пікірді ұстанады [4].

Келесі саты 1995 жылы құрылған Қазақстан халықтар Ассамблеясының жұмысын қайта түрлендіру болды. Бүгінгі таңда бұл Қазақстан аумағында өмір сүретін барлық ұлттар мен халықтардың бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған конституциялық мойындалған орган. 2008 жылы ұлттық бірлік Доктринасы қабылданды.

С.Ф. Мажитов мемлекеттік саясаттың кепілі деп президенттік билікті «түрлі этникалық топтар мен мәдениеттердің мүдделерін тәжірибелік жүзеге асырудың бір жақты емес механизмі бола отырып, дағдарыстық және дағдарыс алды жағдайларды, азаматтық қоғам негіздерін ал-

дын ала ескерту және жедел шешу институты ретінде» атайды [5]. Осыған орай, реттеушілік қызметтің тарихи ретроспекциясында егемендік жағдайындағы билік ету институтының өзін, Қазақстан аумағындағы мемлекеттік құрылыс тарихын, қазақ қоғамы және олардың ата-бабаларының басқару формаларын зерттеу аса маңызды.

Этно саяси кемелденудің деңгейі БАҚ, әсіресе өңірлік БАҚ үшін нақты мақсатты индикаторларды белгілей отырып, Қазақстан халқына «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп отыр.

Осы көрсеткіштердің жиынтығы, медиа қызметінің барлық аспектілерін қоса алғанда, БАҚ-тың дамуына мүдделі барлық тұлғалардың, соның ішінде жергілікті деңгейде де өңірлік бұқаралық коммуникацияның жағдайын бағалап, даму бағдарламасының ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев 2014 жылдың 21 қаңтарында [6] «Казахстанская правда» газетінде атап өткендей, «Қазақстанның дамуы оңтайлы әлемдік тенденцияларға ұласып келеді. Біздің мемлекетіміз сенімді серіктес деп бағаланды. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың ажырамас бөлігіне айналды. Оны ядролық қарусыздануға, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, интеграция мен көп тарапты экономикалық серіктестікке қосқан елеулі үлесі үшін құрметтейді».

Осыған орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын өңірлік БАҚ-та ақпараттық қолдаумен алға жылжытудың стратегиясын құру – алуан салалы технологиялық және ғылымды қажет ететін ресурстар нарығында бәсекеге сауатты, сыртқы дағдарыстар мен әлемдік қауіп-қатерге қарсы тұрып, дамудың қазақстандық стратегиялық матрицасын қалыптастыруға мүдделі мемлекет құруға бағдарлайды.

Өңірлік журналистика қызметінің негізгі аспектілерін: өңірлік БАҚ-ты реттеудің мемлекеттік стандарттары мен ұлттық жүйелерін; өңірлік БАҚ-қа қатысты мемлекеттік саясатты; өңірлік теле-радио хабар таратуды, оның ішінде сандық хабар таратуды құқықтық реттеуді; Интернетті реттеуді; өңірлік БАҚ-тың өз бетінше реттелу үлгісін (оның ішінде таяу және алыс шетел мемлекеттерінің мысалында); өңірлік БАҚ тарихын, өңірлік БАҚ-тың инфрақұрылымын, өңірлік БАҚ-тың даму факторларын – материалдық-техникалық, экономикалық, зияткерлік және этика-құқықтық; өңірлік БАҚ-тың, оның ішінде баспа, электронды БАҚ-тың да даму

мүмкіндіктері мен мәселелерін қарастыру күн тәртібінде.

Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру кезеңінде, Қазақстандағы түрлі ұлттық және мәдени дәстүрлердің өмір сүру жағдайында бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Түрлі халықтардың мәдени алуан түрлілігі мен ұлттық бірегейлікті жаһанданудың күрделі жағдайларында сақтап қалу мәселелерін шешуде БАҚ-қа инновациялық-мәдени саясатты алға жылжыту және ақпараттық қолдау бойынша үлкен жауапкершілік жүктеледі, ал бұл, өз кезегінде, зияткерлік, заңнамалық және әкімшілік күш салуды барынша талап етеді.

Сонымен қатар, халықтың мүддесіне ең жақыны жергілікті ақиқатпен және ұлттық-мәдени алуан түрлілікті сақтау қажеттілігімен тікелей байланысты болып келетін өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары саналады.

Бұдан өзге, өңірлік БАҚ-тың даму проблемалары да бар. Осылайша, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды түрде дамуы және таралуы бүгінде жаһандық ақпараттық төңкеріс сипатына ие болып келеді де, ол өз кезегінде мемлекеттегі саясат, экономика, басқару, қаржы, ғылым, мәдениет салаларына және қоғамның өзге де салаларына әсер етеді.

«Қазақстанның рухани жаңғыруы» бағдарламасы – қоғамдық ой мен азаматтық санаға өзгерістер әкелген мемлекеттік идеология. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы орындалуының рухани тірегі. Бағдарламада қайта түлеудің саяси және экономикалық екі үдерісіне байланысты нақты мақсат-міндеттер, басымдықтар талқыланып, қалай жүзеге асырудың жолдары баяндалған. Тәуелсіздік кезеңіндегі атқарылған зор істерге баға беріле келіп, енді біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басамыз? – деген мәселе күн тәртібіне қойылған. Мақаланың өн-бойындағы айтылған мәселелер түйіндей келгенде: ұлттық бастауларды, ұлттық тарихты берік негіз ете отырып, әлемдік бәсекеге төтеп беру үшін, бәсекеде озу үшін жаңа коммуникативтік технологияларды меңгеру, тұтас халықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, санасын жаңғырту, жаңа өзгерістерге бейімдеу.

Шынайы прагматизмнің жарқын үлгілерін болашақта көргіміз келсе, экожурналистиканың алдындағы міндетті айқын сезінуге болады.

Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне байланысты Елбасы басты екі қырын сипаттаған: ол ұлттық сана-сезімді дамыту және ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, сипатта-

рын өзгерту, ұлттық мәдениетті сақтау. Осы орайда ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасында «Жаһандық әлемдегі журналистиканың социо мәдени көптірлілігі: ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» тақырыбы бойынша іргелі ғылыми жоба орындалды. Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми еңбектер жарық көрді. Сол зерттеулер Елбасының қойған міндеттерімен үндесіп жатыр.

Мақалада латын әліпбиіне көшу туралы міндеттер осы процестің терең логикасын анықтай отырып, нақты мезгілдерімен айқындалған.

Жаңа сапалық деңгейде білім беруді көздейтін қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы дәл уақытында қолға алынған әрі аса пайдалы, маңызды идея. Жастардың қандай мамандыққа болмасын жедел бейімделуіне, жан-жақты болуына, әсіресе қазақстандық білім берудегі ерекшеліктер, инновациялар игі ықпал етері даусыз.

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық ілгерілету бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. Өңірлерде бағдарламаны ақпараттық қолдау жөніндегі ақпараттық орталықтар, сайттар құрылуда. Бұқаралық ақпарат құралдары үшін бағдарламаның медиатұжырымдамасы әзірленді. Өңірлік деңгейде әсіресе «Туған жер» бағдарламасына қатысты жобаларды жүзеге асыру қажет. Арнайы айдарлар, бағдарламалық сюжеттер, бейне, аудиороликтерді жоғары талдамалық деңгейде жүйелі беру арқылы бағдарламаның жүзеге асуына ақпараттық қолдау көрсетуге болады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын сапалы әрі мазмұнды ұйымдастыру қоғамдағы азаматтардың рухани жаңғыру қадамдарына оң көзқарасын қалыптастырады. Өңірлік БАҚ өкілдері жаңартылған идеология негізінде қоғамдық пікір қалыптастырып, рухани жаңғыру идеясын азаматтардың санасына барынша сіңіріп, қоғамдық пікірді түлетуге, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге, мәдениетаралық төзімділікті қалыптастыруға, мультимедиялық, цифрлық, интерактивті коммуникациялар дәуірінде бәсекеге қабілеттілік танытып, жастардың бойына халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу шарттарын ұсынуы тиіс. Осы орайда бағдарламалық құжаттағы айтылған ұлттық байлығымызды үнемді пайдалану, ысырапшылдыққа жол бермеу, табиғатты сақтау, жаһандық, өңірлік экологиялық мәселелер туралы БАҚ-та экологиялық ойлау тұрғысынан толыққанды, сараптамалық ақпараттар беру қажет. Отандық БАҚ-та рухани жаңғыру тақырыбын арқау еткен әртүрлі жанрдағы жарияланымдар легін арттыру арқылы аудиториямен жанды диалог құру, зиялы қауым өкілдері мен ғалымдарға, қоғам қайраткерлеріне, жас буын көшбасшыларына рухани жаңғыру міндеттерін насихаттауға пікір алаңын ұсыну, рухани жаңғыру идеясы мен стереотиптерді түбегейлі өзгерту, қасаң, кертартпа сананы сауықтыру да өңірлік БАҚ алдында тұрған міндеттер.

Әдебиеттер

- 1 Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 17.01.2014 «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».
- 2 Агеев А.И., Байшуаков А.Б., Куроедов Б.В. Стратегическая матрица Казахстана: ретроспектива, современность и сценарии будущего развития. – М.: ИНЭС-ЦА, 2006. – 328 с.
- 3 Рухани жаңғыру: Экспертное сообщество обсудило социально-политические тренды в контексте Третьей модернизации // <https://primeminister.kz/ru/news/all/nasha-kultura-zasverkaet-po-novomu-aida-balaeva-15294>
- 4 Караманова М.С. Состояние и вопросы сохранения историко-культурного наследия Арало-Сырдарьинского региона. Диалог этнокультурных миров в евразийском историческом процессе // Материалы международной научно-практической интернет-конференции. – Оренбург: ГОУ ОГУ, 2010. – С. 725.
- 5 Мажитов С.Ф. Национальный стратегический проект «культурное наследие» в контексте современной истории Казахстана.
- 6 Касым-Жомарт Токаев. «Мәңгілік Ел» – национальная идея и государственная идеология Казахстана // Казахстанская правда, 21 января 2014 г.

References

- 1 Poslanie Glavy gosudarstva Nursultana Nazarbaeva narodu Kazahstana, 17.01.2014, Kazahstanskij put' – 2050: Edinaya cel', edinye interesy, edinoe budushchee.
- 2 Ageev A.I., Bajshuakov A.B., Kuroedov B.V. Strategicheskaya matrica Kazahstana: retrospektiva, sovremennost' i scenarii budushchego razvitiya. – M.: INEHS-CA, 2006. – 328 s.

- 3 Ruhani zhaңғыru: EHkspertnoe soobshchestvo obsudilo social'no-politicheskie trendy v kontekste Tret'ej modernizacii. <https://primeminister.kz/ru/news/all/nasha-kultura-zasverkaet-po-novomu-aida-balaeva-15294>
- 4 Karamanova M.S. Sostoyanie i voprosy sohraneniya istoriko-kul'turnogo naslediya Aralo-Syrdar'inskogo regiona. Dialog ehtnokul'turnyh mirov v evrazijskom istoricheskom processe. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy internet-konferencii. – Orenburg, GOU OGU, 2010. – S. 725
- 5 Mazhitov S.F. Nacional'nyj strategicheskij proekt «kul'turnoe nasledie» v kontekste sovremennoj istorii Kazahstana
- 6 Kasym-ZHomart Tokaev. «Mәңgilik El» – nacional'naya ideya i gosudarstvennaya ideologiya Kazahstana //Kazahstanskaya pravda, 21 yanvarya 2014 g.